

**ISSN: 1814 - 6961**  
**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2022, № 3 (99)**

**3 /2022**

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым Комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редакторы:**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

**Жауапты редактор:**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшылар:**

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель:**  
Министерство Образования и науки Республики казахстан  
Комитет Науки  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**  
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

**Ответственный редактор**  
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**  
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**  
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

**Адрес редакции:**  
050100, Республика Казахстан,  
г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова  
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>  
Тел.: +7 (727) 272-46-54.  
E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан  
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно  
делается ссылка на журнал.

**Founder:**

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan  
Committee of Science  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

**Chief editor**

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board:**

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

**Executive Editor**

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Scientific Editor**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Technical secretary**

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

**Editorial office address:**

050100, Republic of Kazakhstan,  
Almaty, Shevchenko str., 28  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov  
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com) .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan  
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,  
a link to the magazine is necessarily made.

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
НОВАЯ ИСТОРИЯ  
NEW HISTORY**

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961\_2022\_3\_44

**МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҮРАСЫ****Садықов Еркін Токмұхамедұлы<sup>1\*</sup>, Жүсіпов Нартай Қуандықұлы<sup>1iD</sup>,  
Токмұхамедов Сыздық Еркінұлы<sup>2</sup>**<sup>1</sup>«Торайғыров университеті» КЕАҚ<sup>2</sup>ТОО TS Consalting

\*Автор-корреспондент

E-mail: sadykov.et@gmail.com (Садықов), nartai1970@mail.ru (Жүсіпов), syzdyk@gmail.com (Токмұхамедов)

**Түйіндеме.** Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – тарихи маңызы бар әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер дәуірінде дүниеге келген ақын. Ол қазақ жазба әдебиетінің көркемдік кеңістігін қалыптастыруға, дамытуға және кеңейтуге үлкен үлес қосты.

Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайын шынайы суреттеген, шындықты айта білген қаламгердің әдеби мұрасы мен фольклортанушылық тұлғасы, оның жас ұрпаққа үлгілігі сөзсіз.

Мақаланың ғылыми мәселелері Мәшһүр Жүсіптің мәдени және әдеби мұрасын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында зерттеумен байланысты.

Ғылыми зерттеуде пайдаланылған әдістер: ұжымдық әдіс, түсіндіру, сипаттау, тұжырымдамалық талдау, салыстырмалы талдау әдісі және т. б.

Мәшһүр Жүсіп мұрасын жүйелеу және оны зерделеу қазақ ұлттық-мәдени кодын зерттеудің перспективалы бағыттары болып табылады. Бұған Мәшһүр Жүсіп жинақтаған (30 томға жуық) қазақ жазушылары мен ақындарының 20 томдық шығармасының жарық көруі дәлел бола алады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін көркем әдебиеттегі «ақтаңдақтарды» ашуда нәтижелерге қол жеткізілді. Барлық ежелгі қолжазбалар жүйеленбегендіктен, бұл өз кезегінде өткеннің әдеби мұрасын қосымша зерттеу үшін негіз болып табылады.

**Кілт сөздер:** Мәшһүр Жүсіп, тарихи тұлға, мәдени мұра, көркем әдебиет, поэзия, ауызша әдебиет, ағарту, шығыс әдебиеті, рухани дәстүрлер.

МРНТИ 03.20

**ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСИПА****Садықов Еркін Токмұхамедович<sup>1\*</sup>, Жусупов Нартай Қуандықович<sup>1iD</sup>,  
Токмұхамедов Сыздық Еркінұлы<sup>2</sup>**<sup>1</sup>НАО «Торайғыров университет»<sup>2</sup>ТОО TS Consalting

\*Автор-корреспондент

E-mail: sadykov.et@gmail.com (Садықов), nartai1970@mail.ru (Жүсіпов), syzdyk@gmail.com (Токмұхамедов)

**Аннотация.** Машхур Жусип Копейұлы – поэт, родившийся в эпоху исторических социально-экономических и общественно-политических преобразований. Он внес огромный вклад в становление, развитие и расширение художественного пространства казахской письменной литературы.

Неоспорима актуальность представления молодого поколения о культурно-литературном наследии и личности фольклориста, достоверно описавшего социально-политическое состояние казахского общества, сумевшего запечатлеть дыхание эпохи.

Научная проблематика статьи связана с исследованием культурного и литературного наследия Машхур Жусипа в контексте программы «Рухани жаңғыру».

Использованные методы научного исследования: коллективный метод (сбор научных фактов, информации научного характера), интерпретация, описание, концептуальный анализ, метод сравнительного анализа и др.

Систематизация наследия Машхур Жусипа и его изучение являются перспективными направлениями исследования казахского национально-культурного кода. Доказательством тому является издание 20 томов произведений казахских писателей и поэтов, собранных Машхур Жусипом (около 30 томов).

С обретением независимости достигнуты значительные результаты в раскрытии «белых пятен» в искусстве, в том числе в художественной литературе. Тем не менее, известно, что не все древние рукописи систематизированы. Это является основанием для проведения дополнительного изучения литературного наследия прошлого.

**Ключевые слова:** Машхур Жусип, историческая личность, культурное наследие, художественная литература, поэзия, устная литература, просвещение, восточная литература, духовные традиции.

## IRTSI 03.20

### HISTORICAL HERITAGE OF MASHKHUR ZHUSIP

Sadykov Erkin Tokmukhameduly<sup>1\*</sup>, Zhusupov Nartai Kuandykuly<sup>1iD</sup>,  
Tokmukhamedov Syzdyk Yerkinuly<sup>2</sup>

<sup>1</sup>«Toraighyrov University» NJSC

<sup>2</sup>TS Consalting LLP

\*Corresponding author

E-mail: sadykov.et@gmail.com (Sadykov), nartai1970@mail.ru (Zhusupov), syzdyk@gmail.com (Tokmukhamedov)

**Abstract.** Mashkhur Zhusip Kopeyuly is a poet born in the era of historical socio-economic and socio-political transformations. He made a huge contribution to the formation, development and expansion of the artistic space of Kazakh written literature.

The relevance of the idea of the younger generation about the cultural and literary heritage and the personality of the folklorist, who reliably described the socio-political state of Kazakh society, who managed to capture the breath of the era, is undeniable.

The scientific problems of the article are related to the study of the cultural and literary heritage of Mashkhur Zhusip in the context of the program “Rukhani Zhangyru”.

Methods of scientific research used: collective method (collection of scientific facts, scientific information), interpretation, description, conceptual analysis, comparative analysis method, etc.

Systematization of the heritage of Mashkhur Zhusip and its study are promising areas of research of the Kazakh national cultural code. The proof of this is the publication of 20 volumes of works by Kazakh writers and poets collected by Mashkhur Zhusip.

Since independence, significant results have been achieved in uncovering “white spots” in art, including fiction. Nevertheless, it is known that not all ancient manuscripts are systematized. This is the basis for conducting an additional study of the literary heritage of the past.

**Key words:** Mashkhur Zhusip, historical personality, cultural heritage, fiction, poetry, oral literature, enlightenment, Oriental literature, spiritual traditions.

**Кіріспе.** Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, фольклортанушы, тарихшы, философ, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жалықпай жинап, олардың бәрін ұрпақтан-ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізуші, соңынан сан-салалы қазыналы мол мұра қалдырған ағарту саласының белді өкілі. Алаштың біртуар перзенті. Мәшһүр Жүсіп - өз қазақ халқының әдебиеті, тілі, фольклоры, тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген. Араб, парсы, шағатай, орыс т.б. тілдерін жетік меңгерген. Өзінің саналы ғұмырын Мәшһүр Жүсіп ағарту саласына арнап, әділдікті, адамгершілікті, парасат пен пайымды насихаттап, дәріптеп өтіп, тер төгіп еңбектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі мол рухани қазынасын қалдырды.

Жаңа Қазақстан жағдайында тарихи тұлғаның мол мұрасы әлі де тың зерттеулерді, ғылыми тұрғыдағы жаңаша ізденістерді, жүйелі сараптамалар мен әдеби-тарихи дәлелдемелерді қажет етіп

отыр. Мәшһүртану саласында еліміздің бірқатар ғалымдары тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

**Материалдар мен әдістер.** Еліміз тәуелсіздігін қолға алып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатқан кейінгі тұста қазақтың көптеген зиялыларының есімдері, артында қалдырған мол мұралары ұрпақтарымен қайта қауышып, жаңғыра түсті. Елімізде «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көптомдығы (20 том) Торайғыров университетінің ғалымдарының көмегімен жарыққа шықты.

Қазақ ұлттық мәдениетінің көп ғасырлар бойы жалғаса дамыған тарихи жолында мәдени мұралары халықтың эстетикалық, гуманитарлық, философиялық дүниетанымын қалыптастырды. Әлемдік өркениеттегі өзіндік тарихи тұғырын, ұлттық дүниетанымын рухани құндылықтарын таныта алған қазақ халқы – қазіргі тәуелсіздік жаңа тарихында бұрын-соңғы мәдени мұраларды түгендеу жұмыстарын жүргізуде. Дегенмен қолжазбалардың бір орынға жинақталмауы, өз заманында дұрыс бағаланбауы, кешендеп зерттеле бастауы т.б. тарихи мұраны қарастыру мәселесін біршама тежегені анық. Ел арасынан жинаған жыраулық поэзияның үздік үлгілері болсын, фольклорлық жанрлар болсын, халықтық мақал-мәтелдер болсын, тарихи жәдігерлері болсын – қазақтың әдеби, тарихи мұра сөздерін жазып алып, қағазға түсіріп келген тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының және оның өз шығармалары т.б. жиырма томдық түрінде жарық көрді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз өлеңдерінде әлеуметтің хал-жайын, қоғамның өзгерісін, дін мен тілді, адамшылық пен имандылықты, тарих пен аңызды: сапар, ишарат, сын, айтыс нақыштарында т.б. бере отырып, шынайы, тиянақты ой-байламдар жасайды.

**Талқылаулар.** Жиырма томдықтың алғашқы төрт томы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының адамгершілікті, гуманизмді, ар-намысты ту етіп көтерген, ағартушылық идеясын жарнамалаған, оқу оқып, білім алу, жан-жақты өнерлі болу, адам жанын тазартып, биік мұраттарға жетеді деп насихаттаған т.б. өз туындыларынан тұрады. Бұған Алматыдағы Ғылым баспасынан 1990, 1992 жылдары жарық көрген кітаптарына енбей қалған түрлі жанрдағы туындылары алғаш рет енгізіліп отыр (өзі туралы айтқандары, жетпіс бап өлеңдер топтамасы, еркін өлеңдері, ишарат өлеңдері, сапар өлеңдері, түспал өлеңдері, хат өлеңдері, рауаяттары, насихат үлгілері, аңыз өлеңдері, айтыс нақыштары, тікелей сын өрнектері, тарихи тұлғалар туралы жырлары мен жоқтаулары, деректі дастандары, сырласу, аңыз дастандары, арнау, нақыл өлеңдері, аңыз хикаяттары, мысал өлеңдері т.с.с. жинақталып берілді). Әр кітаптың соңында алпыс-жетпіс бетті қамтитын ғылыми түсініктемелері де бар. Яғни томға енген әр нұсқаның қағаз бетіне түсу ерекшелігі: қайда жазылғаны, қашан, қай жазбаларда сақталғаны, қандай көшірмелері бар екендігі т.б. – бәрі де мәтіндік сараптаулардан өтіп, өзара салыстырылып қарастырылған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ қоғамында болып жатқан ірі қоғамдық-саяси өзгерістерге өз үнін қосып отырды. Сондай-ақ қарапайым халықты дін түзеуге шақырып, оларды да өз шығармаларына арқау ете білді. Оның барша саналы ғұмыры отаршылдық қысымдағы туған халқының мұң-зарын, қайғы-қасіретін т.б. жырлау болатын. Сол жолда өзінің шығармашылық тұлғасын даралайтын, өзіндік сипаттарымен ерекшеленетін т.б. дүниелерін өмірге әкелді: халыққа қызмет ету, туған жер, ел, отан, адалдық пен әділдік, ел тағдыры, халық мұраты т.б. Ол ұлттық әдебиетіміздің дәстүрінен нәр алып қана қоймай, озық ойлы өзге елдер әдебиетімен де сусындағанын байқаймыз: өнер – білім, ағарту мәселелері, еркіндік, азаттық, бостандық идеялары, ұлт тағдыры т.с.с. Адамзат баласын ізгілік пен қайырымдылыққа үндейтін дін тақырыбында көптеген өлең-жырлар туғызған ақын соны ел ішіне таратуға да өз үлесін қосты. Көптомдықтың ғылыми түсініктемелерінде Мәшһүр Жүсіп туындылары түркі әдебиетінің негізін салушы Қожа Ахмет Иасауи (XII ғ.), әлем халықтары мойындаған Жүсіп Баласағұни (XI ғ.) т.с.с. шығармаларымен үндестікте, сарындастықта салыстырыла қарастырылады.

**Негізгі нәтижелері.** Әлем әдебиеті дамуында ерекше орын алатын Шығыс әдебиеті әсерін саралау ешбір ел әдебиетінің томаға-тұйық, оқшау жағдайда дами алмайтынын, қайта бір-бірімен тығыз байланыста гүлденетінін дәлелдейді. Әдебиеттер дамуындағы үндестікті ашу тек әдебиеттер байланысын емес, онда қалыптасқан дәстүр мәнін салмақтауға мүмкіндік береді. Көркем әдебиеттегі шарттылық, ұлттық өрнек, түспалдап бейнелеу дәстүрін қалыптастыруда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіндік үлкен еңбегі бар. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп шығармаларына исламның ықпалы болғанын айқындау дін мен әдебиетті бөле қарастырудың орынсыздығын көрсетеді. Әдебиет дамуының белгілі бір кезеңінде дін жетекші рөл атқаратындығы да қоғамның даму заңдылығы. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы шығыстық әдеби дәстүрдің сыр-сипатын сараптау, өлең, дастандар сюжетінің бастау көздерін ашу – бәрі қазақ әдебиеті тарихында, әдебиеттану ғылымында аз зерттелген. Мұндағы шығармада кездесетін көркемдік құралдар сипатын таразылау, ақынның өзіндік ізденісін, шығыс әдебиетіндегі бай дәстүрге қосқан үлесін анықтау, әрі әлемдегі рухани қазынаның бір тармағы – шығыс әдебиетінің Мәшһүр Жүсіпке тигізген ықпалын ашады. Ал шығыстық әдеби дәстүрдің қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау т.б. – бәрі әдебиет дамуы үшін маңызды.

Шығыстық әдеби дәстүрдің қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Біздің қазақ мәдениеті үшін араб, парсы, түрік руханияты кең арна іспеттес. Шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы рухани

байланыстың тамыры тереңде жатыр. Сонымен бірге әдебиетіміздің қайнар көзі фольклордың өне бойы да, халқымыздың рухани салт-санасы да шығыстық дәстүрге толы. Қазақ жазба әдебиетінің белесті кезеңі – XIX-XX ғасыр десек, бұл уақыттың рухани өмірінде шығыстық байланыс айрықша орын алады. Осы байланыстың негізгі жүйесі Ислам діні арқылы келгенін жоққа шығаруға болмайды. Шығыстық дәстүрмен қат-қабат үндестікте көрінетін Ислам дүниетанымы адамзат мәдениетінде ерекше рөл атқарады. Оның синтездік мән-мазмұны бұрын сыңаржақ бағаланып келді. Енді аталған құбылысқа жан-жақты талдау жасау күн тәрттібінде тұрған өзекті мәселенің бірі болып табылады. Мұнсыз Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы туралы түсінік бір жақты болмақ.

Шығыс әдебиеті дамуы дегенде, оны мұсылман діні ықпалымен, сол діннің бастапқы орталығы араб елдері мәдениеті әсерімен тығыз байланыста қарау керектігі белгілі. Кешегі әміршілдік жүйе кезінде де түрлі тосқауылдарға қарамастан, араб мәдениеті, араб әдебиеті рөлі сөз болмай қалған жоқ (Мырзахметұлы, 1994:159). Шығыс әдебиетінің Абайға ерекше әсер еткенін алдымен М. Әуезов, кейіннен М. Мырзахметұлы еңбектерінде біраз сарапталды. Мәселен, М. Мырзахметұлы зерттеуінде М. Әуезовтің Абай мен шығыс әдебиеті байланысын екі кезеңге бөліп қарастырғанына көңіл бөледі: «Бірінші кезең жас ақынның жиырма жасқа (яғни 1865 жылға) дейінгі өмір кезеңін қатиды. Мұны М. Әуезов шығыс классиктеріне таза еліктеу дәуірі деп таныған» (Литература Востока в средние века, 1970:20). Шығыс әдебиеті дамуы, оның игі дәстүрі, ықпалы дегенде, қазақ әдебиеті тарихы, әдебиеттану ғылымында кешегі әміршілдік жүйе қыспағымен сөз болмай, тыйым салыну жағдайына түскен тақырыптың бірі – шығыс пен қазақ әдебиеті дамуына зор ықпал еткен Ислам діні әсері. Осы орайда Ислам діні әсерімен жазылған әдебиеттің бәрін сопылық әдебиет деп атау қазіргі өскелең уақыт талабына сай келе бермейтініне, бұл тақырыпты да нақтылай түсу, арнайы зерттеу қажеттілігіне назар аудартқымыз келеді. Кеңес одағы кезінде сопылық ілім дегенде, оның прогрессивті рөлін кішірейтіп, керісінше оны керітартпа, ескішіл, діни-мистикалық деп бір жақты теріс бағалап төмендету, тұқырту орын алып келгені белгілі. Әйтсе де сол кездің өзінде сопылықты ашық жақтамаса да, оны қарама-қарсылығы бар өте күрделі құбылыс ретінде қарастыру арқылы да теріс бағадан қиялап арашалау орын алады. Бұл сопылық әдебиет деген шартты атауға ие болған әдебиеттің адамзат мәдениетінің дамуы үшін елеулі үлес қосқанын дәлелдеуге бағытталған алғашқы талпыныстар еді. Сол кезде айтылған пікірлер ішінде сопылықтың мәні, ерекшеліктері біршама сәтті жинақталған тұжырымдарды атап өткіміз келеді. Соның бірі – жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқулықтағы мына бір анықтама: «Суфизм –исламдағы қияли-аскеттік ағым халифаттың шығыс жерлерінде (Сирия, Иран) VIII ғ. пайда болды. Үш ғасыр бойы жалғасқан өзара соғыс арқасында ыдырай бастаған халифаттағы феодалдық езгінің күшеюі, жергілікті халықты жоқшылыққа ұшыратқан көшпелілердің жорықтары жағдайында оның фәлсафалық және діни ілімі толыққанды сипатқа ие болды. Басқа дін бұзушылар сияқты құдай алдындағы теңдікке шақырған сопылар ілімі қалың көпшіліктің көңіл күйін, яғни халифат халқының езілген бөлігінің феодалдық қанау мен халиф билігін қолдайтын мұсылман дін басыларына қарсылығын көрсетті. Сопылар сарайдағы шалқыған өмірге қарсы шыға отырып, қатал аскеттік пен дәріуіштікті шынайы тақуалықтың белгісі деп оған қарама-қарсы қойған» (Брагинский, 1972:250-251).

Негізінен сопылықтың өзі тарихи даму барысында көптеген өзгерістерге ұшырап отырды. Яғни әр түрлі мектептер, олардағы ұстаздар мен мүридтер осы құбылысқа тың жаңалықтар, ерекшеліктер алып келді. Бұл құбылысты талдау барысында біз оның әр кезеңіне сол заман тұрғысынан баға беруіміз керек. Жоғарыда келтірілген пікірге назар салсақ, ол феодалдық қанау мен халиф билігінің шектен шығуы, астамшылықтың көбеюі қарапайым халықты осыған қарсы аскеттік ұғым – сопылыққа жақындатқан деп ой қорытуға болады. Сондай-ақ жоғарыдағы дәйексөзден мұсылман тарихы тек қана феодалдық қанау мен халиф билігінің шектен шығуынан тұрады деген тұжырым қалыптасуы мүмкін. Алайда көшпелі түркілер соншалықты қатты феодалдық езгіні, хандардың қатал билігін бүкіл тарих бойында өз бастарынан өткерді деп айта алмаймыз. Бірақ біз білетін өткен тарихта олар сопылықты белсенді қолдаушылардың қатарында болды. Бұның бір себебі, біздің ойымызша, сопылық әдебиеттің әсері деуге болады. Түркілер ерте заманнан поэзияға ерекше көңіл бөлгендіктен, хақ пен әділдікке қатысты ұғымдарды жырлаған сопылық әдебиет оларға ерекше әсер етті деп қорытындылаймыз.

Көрнекті шығыстанушы ғалым И.С. Брагинский пікірі де көңіл бөлерлік: «Суфизм исламнан түңілген әлеуметтік топтардың ортасында қалыптасып, ресми исламға оппозиция түрінде пайда болғанына қарамастан, өте тез арада билеуші таптар оны еңбекшілердің әлеуметтік белсенділігін басу, көңілсіздік рухты тарату үшін пайдаланды. Ресми суфизмнің мазмұны осындай болады...».

Бірақ сонымен бірге суфизмде әрқашан оның әр түрлі ағымдарында оппозициялық элементтер ресми дінді сынау, феодалдық тәртіптің шектен шығушылығын сынау орын алды. Сопылық әдебиетте көбінесе әлеуметтік наразылық алдыңғы орынға шығып отырды (Библия, 1990:427).

Сопылықты (суфизмді) толық түсіну үшін сол заманда дүниеге келген барлық тарихи, фәлсафалық, әдеби шығармаларды бір жүйеге келтіріп жинақтау керек, сол арқылы аталған дәуірдегі қоғамның



өміріне барлық жағынан саяси, әлеуметтік, тарихи талдау жасау қажет. Осы мәселелер өз шешімін тапқаннан кейін, зерттеушілер объективті баға бере алады деп ойлаймыз.

Қазақ халқының дүние танымына, оның ішінде әдебиетіне сопылық ілімнің әсері ерекше. Ислам дінінің негізгі заңдылықтарын көшпелі бабаларымыз сопылардың жырлары, яғни діни өлеңдері арқылы да қабылдады. XII ғасырда қазақтардың барлығы сауатты және араб тілін білген деп ешкім айта алмас. Араб тілін білмейтіндіктен, көбінесе ислам діні жайлы шығармаларды оқып тани алмауы, кей уақыттарда оны түсінбеуі мүмкіндіктерін ескеруіміз қажет. Осы орайда жалпы адамзаттық гуманистік идеяны, адамдар теңдігін, Алла біреу және Мұхаммед оның елшісі деген ойды насихаттаған ірі әдеби құбылыс – сопылық әдебиет қазақ халқының рухани дамуына игі ықпал жасады.

Түркі әдебиетінің белді өкілдері Қожа Ахмет Иасауи (XII ғ.), Сүлеймен Бақырғани (1186 ж. өлген) сияқты ғұлама ақындар шығармаларынан: өзін-өзі қинау арқылы ақиқатқа жету, дүниеден безу сияқты т.б. уағыздарды таппаймыз. Қайта адамгершілік қасиеттерді: өзара көмек, рахымшылық, бауырластық, адам атаулыға қиянат жасамау, мейірімділік насихатын танимыз. Бұл ақындардың негізгі тақырыбы ислам дінін, оның негізгі қағидаларын т.б. тыңдаушыларға жеткізу. Бұлар түрік халықтарының басын біріктіріп ұлт құру үшін ислам дінінің мәнін түсінді. Сол себепті тарихи шындықта бұл сопылық ілім әдебиет арқылы түрік халықтарының ұлт болып бірігуіне үлкен пайда әкелді.

Осы рухани дәстүрді жалғастырушылардың бірі – Мәшһүр Жүсіп екені белгілі. Ақын шығармаларына шығыс пен түркі әдебиетінің мол мәдени мұрасын пайдалана білді. Ақын Ташкент, Самарқанд, Бұхарға барған сапарларында ғылым мен мәдениеттің бай қазынасымен терең танысты. Сапар барысында түйген ойларын қағаз бетіне түсірді. Жоғарыда аталған қалалардың бай кітапханаларда ескі қолжазбалар, негізінен араб пен парсы тілінде, түркінің шағатай тілінде сақталған. Мәшһүр Жүсіп тілдерді жетік меңгергендіктен ескі қолжазбалармен таныс болды. Қолжазбалардың қазір сақталып жеткен нұсқаларының өзін зерттеу бүгінгі таңда үлкен қиындықтар туғызып отырғаны белгілі. Парсы, араб тіліндегі қолжазбалар ежелгі, орта араб, парсы тілдерінде жазылған. Олардың бір-бірінен өзгешеліктері өте үлкен. Мәшһүр Жүсіп ортағасырлық араб, парсы тілін жетік білуі арқасында сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетті. Сондай-ақ қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол қазақ әдебиетіне деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты қарастырған. Ахмет Иасауиден (XII ғ.) басталған түркілік діни әдебиетті жаңа биікке көтерді. XX ғасырдағы Кеңес өкіметі тұсында діни әдебиетті құбыжық ету дәстүрі қалыптасқанын ескерсек, діни әдебиеттің, демек шартты атауға ие болған сопылық әдебиеттің басы Ахмет Иасауи болса, соңғы биігі Мәшһүр Жүсіп деп тұжырым жасауға негіз толық.

Ал, жиырма томдықтың бесінші, алтыншы, жетінші, он бірінші томдарында Мәшһүр Жүсіптің ел арасынан жиыстырған қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті нұсқалары топтастырылып берілген. Жанрлық тұрғыдан жіктесек: тұрмыс-салт жырлары, бата үлгілері, халық өлеңдері, күлдіргі сөздер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, аңыздар, түрлі әңгімелер, шешендік сөздер мен өлеңдер, ертегілер, хандар, билер, батырлар жайындағы сөздер, эпостық жырлар, авторы беймәлім өлең-дастандары, айтыс үлгілері, сондай-ақ XVII ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген қазақ ақын-жыраулардың шығармалары т.б. Бұл мәтіндер қазақ фольклорын, әдебиетін, тарихын, тілін, этнографиясын, философиясын, психологиясын мен педагогикасын т.б. зерттеуші ғалымдарға бағалы дерек көзі болмақ.

Ел арасынан фольклор нұсқаларын жазып алғанда, жеткізушінің аты-жөнін, нұсқаның қай жерде, тіпті қай мезгілде хатқа түскенін т.б. қамтитын деректер де осы кітаптарда қамтылған. Мұндай фольклортанушыларға тән ғылыми талаптарды Мәшһүр Жүсіптің де орындағаны белгілі. Десек те Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіндік фольклорды жинаушылық ерекшелігі де бар екенін білеміз. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларының кей жерлерінде фольклорлық шығарманы айтушының есімін не сөз арасы, не мәтіннің ішінде кірістіріп бірге жазып кету дәстүрі қалыптасқан. Ондағысы фольклорлық нұсқаны жеткізушінің есімі ел жадында ұмытылмай сақталып, жазылған мәтінмен бірге мәңгі айтылып жүрсін деген ойдан туындаған. Бұлар да аталған томдардың ғылыми түсініктемелерінде берілген.

Билер мен шешендердің дәстүрі мен мектебі қазақ мәдениеті тарихында ерекше орын алады. Мемлекеттіктің қалыптасуы, даму тарихы билер-шешендер қоғамынсыз елестету мүмкін емес. Сондай-ақ мемлекеттің соттық, құқықтық жүйесін де қазақ билері, шешендері қалыптастырып кеткен әдет ғұрыптан, тұрмыс салт ережелерінен бөліп жарып қарастыру да мүмкін емес. Кейінгі заманға жеткен би-шешендер өнері ұлттық тәуелсіздікті нығайту, мемлекет тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында өлшеусіз еңбек етіп келді. Көбінесе қазақтың би-шешендері кезінде біздің ой-санамыз бойынша қоғамымыздың саяси тұлғасы, мемлекет қайраткері, кемеңгері, көріпкел абызы, сәуегей көсемі, қолбасшысы, заңгері, тарихшысы, этнографы, ұйымдастырушысы т.б. болған. Мәселен, Тәуке ханның ұйымдастыруымен дүниеге келген «Жеті жарғысы», Қасым хан мен Есім ханның ережелері, билік кесімдері т.б. Сондай-ақ Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Алшын Әйтеке би шешімдері, Әнет баба,

Шақшақұлы Жәнібек, Жағалбайлы Шеген би, қырғыз елінен Қоқым би, Қара Шыбын би, қарақалпақ Сасық билердің т.б. ел мәселелеріне араласқан нұсқалары – бәрі де осы Мәшһүр Жүсіп жазбаларында орын тапқан.

Тәуелсіздік арқасында өз Отанының шынайы тарихын білуге ұмтылған ұлттық сана-сезімнің оянуы – тарих ғылымында қалыптасқан жалған қағидаларға, концепцияларға, бұрмалауларға қайта қарауға да негіз болғаны белгілі. Міне, осы тұста Мәшһүр Жүсіп атамыздың қалдырған тарихи еңбектеріне де ғалымдарымыздың қызығушылығы арта түсті. Мәшһүр Жүсіптің сегізінші, тоғызыншы, оныншы томдарында XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басына дейін ұмытылмай жеткен тарихи құнды деректері жинақталып берілген. Бұлар да ел арасынан, Ташкент, Самарқанд, Бұхара т.с.с. сапарларында кездескен кітапханалардан, көне кітаптардан, қолжазбалардан жинақталған.

М.Ж. Көпейұлы жазбаларын шартты түрде жанрлық тұрғыдан тіл, әдебиет, тарих, фольклор т.т. бөліп қарастырғанымызбен, әр мәтіннің мазмұны бірнеше ғылым салаларын қамтитынын аңғару қиын емес. Мұндағы ең басты ерекшелігі, кез-келген дерегін Мәшһүр Жүсіп қоғамдық өмірмен, дін тарихымен т.б. байланыстырып жазған. Сол себепті тарихқа қатысты деп жарияланған сегізінші, тоғызыншы, оныншы том беттерінде діни көзқарас ықпалы айқын аңғарылады. М.Ж. Көпейұлы материалында ел аузында сақталып қалған бір ауыз тарихи сөздің түп-төркінін хадистермен, Құран сүрелерімен, Ортағасырлық Шығыс мәдениетімен байланыстырып баяндайды. Мәтін соңында кейде өз пікірін білдіріп, 20 ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғам өзгерістерімен салыстырып қояды.

«Мес» жинағының тарихқа қатысты топтамасында шежіре нұсқалары, әңгіме, дастандар, кітап көшірмелері өзара байланыстырылып, аралас жазылған. Ақпарат тапшылығын сезініп отырған қазіргі заманда шежіреші ғалымның мұрасы жан-жақты қарастырылуда. Мәшһүр Жүсіп мәлімет ұсына отырып, оқырмандарынан алдын-ала кешірім сұрайды. «Надандықпен» жаза салған сөздеріне кешіріммен қарап, өзін тек мәліметті жеткізуші екендігін ескертеді. Даулы мәселені сөз қылса, «анығын Алла біледі» деген мұсылмандық ұстанымға жүгінеді.

Көптомдықтың мазмұнына қарасақ, Мәшһүр Жүсіптің әр томында жазылған нұсқаларды: хандарды, батырларды, билерді, тарихи тұлғаларды, қажыларды т.б. бірде әдеби нұсқа түрінде, бірде тарихи дерек көзі деп қарастыруымызға болады. Кейбір көлемді үлгілер өз ішінен тоғыз, он бір шағын нұсқаларға жіктелген. Негізінен, көптомдықта «Қазақ түбі» деп аталатын шежірелер топтамасында: Нұх, Сахабалар тарихы, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз рулары, Наурыз тарихы, қазақ атауы, қазақ шежірелері, Шыңғыс хан, Есім хан, Ер Едіге, Үш Жәнібек, қазақ хандары, Абылай хан, Кенесары, Наурызбай, батырлар, билер тарихы т.б. топтастырылып берілген.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектерін жіктесек, фольклортану, медицина, астрономия, философия, космология, этнография, теология т.т. ғылым салалары үшін де құнды зерттеулер, деректік мәтіндер бар. XV-XVII ғғ. Қазақ хандығы тарихы жазбаларында төрелер шежіресінің екінші бөлімі сипатталынады. Шыңғыс әулеті тарихының баяндалу барысы екі кезеңге бөлінген: Шығыстан Жәнібекке дейін – XIII-XV ғ.ғ., Жәнібектен өз Тәукеге дейін – XV-XVII ғ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әртүрлі кезеңдерге жіктеп, шашыраңқы сипатта баяндалынған қазақ елінің түпкі тарихын біртұтас жүйе ретінде бейнелеуге ұмтылды (Көпеев, 1994:112-113).

Мәшһүр Жүсіп шежіресінде және басқа да қазақ шежірешілері еңбектерінде (Қ. Халидұлы, Ш. Құдайбердіұлы) өз Жәнібекті қазақтың алғашқы ханы, Қазақ хандығының негізін салушы ретінде көрсетеді. Алайда бұл билеушіге қатысты деректерді салыстырып қарасақ, шежіре мағлұматтары Өзбекұлы Жәнібек заманындағы Алтын Орда тарихын мәлімдейтінін бағамдаймыз: «Қырым «қырық сан Қырым» атанған. Бақшасарай шаһарын мақар хукімет етіп Қажыкерей (Хажыгерей) хан әулеті биледі. Ноғай ордасы, Жайық суы бойында «Сарайшық шаһары» атанып, «Ақ Орда» һәм атанған-Әз жәнібек ханның жұрты. Қазақты Дәулет, Барақ Құйыршық баласы билеп-төстеп, «Қыпшақ» атанған. «қалың қыпшақ Қияттан озушы едің жарыста!»- деп, Қобыланды батырдың атына айтатұғын сөзі. Ер Көкше, ер қамбар, ер Қосай батырлар – мұнан шыққан. Ноғай, қазақ «Ормамбет елі» атанған. Біреуі-Қазан, біреуі – сарай, біреуі – Сібір: Тобылдық кірменлиалар (кірме киншалар)». Бұл мәселеде белгілі тарихшы И. Шәмшатұлының пікіріне назар аударсақ, қазақ шежіресінде екі ханның аты «біріктіріліп», қатар берілгенін танимыз (Шәмшатұлы И. Қазақтың өз Жәнібегі қай Жәнібек хан. (Ұлт тағылымы, №2. 2000: 79-80). Қарап отырғанымыздай қазақ шежірешілері ноғайлы заманын Алтын Орда билеушілері үстемдік құрған тарихи кезең деп қарастырмайды. Керісінше, өз жәнібек хан тұсында қазақ пен ноғай (маңғыт) халықтары біртұтас ноғайлы деген халықтың құрамында болғанын әйгілейді. Мәшһүр Жүсіп тарихта өзі білетін Жәнібектерді жіктей отырып, өз Жәнібектің Жиренше шешенмен замандас болғанын атап көрсетеді (Көпеев, 2006: 98) және Асан Қайғы, Жиренше, өз Жәнібек хан туралы аңыз-әңгіме топтамасын (Көпеев, 2005: 61-89) келтіреді. Сонымен қатар өз Жәнібек туралы шежіре мәтінін Қ. Халидұлының «Тауарих хамса шарқы» кітабынан алынғанын айта отырып (Көпеев, 2006: 47-48, 163), қазақ халқы үш жүзге ноғайлы ханы өз Жәнібек хан кезінде бөлінді деген пікірге күмәнмен қарайды: «Сонан соң бұл қазақ Ноғайлының ханы өз Жәнібекке қараған. Ол қазақты өз

заңына, бетімен жайылған қалпына жіберген. Ұлы жүзге: «Үйсін аға», – деп, Үйсіннен датқа сайлап, Жалайырдан көтермеші орынбасар сайлаған. Орта жүзге: «Арғын аға» – деп, Арғыннан датқа сайлап, Найманнан, – оған көтермеші орынбасар сайлаған. Кіші жүзге: «Алшын аға» – деп, Алшыннан датқа сайлап, Жапапстан оған көтермеші орынбасар сайлаған. Қарап отырғанда бір бос әңгіме. Шын-өтірігін Құдайдан басқа білуші жоқ» (Көпеев, 2006: 121, 124, 133). «Мес» жинағында қазақ халқының жүздерге бөлінуі көбінесе Алаша ханмен байланыстырылады (Көпеев, 2006: 42-47, 79-80, 82, 114-121, 126-133, 145-157, 413). Қазақ тарихында көзге түскен Жәнібек есімді хандардың бірнеше болғаны шежірелерде Бату әулетінің жайылынуына байланысты «ұлы бұлғақ» тартыс дәуірі, Шейбанилар өкімі Әбілхайыр ұрпағы мен қазақ хандарының Шығыс Дешті Қыпшақ (Қазақстан) иелігі үшін жүргізілген саяси күрес кезеңі «айтылмай ұмыт қалуы» шежірешілер қателесуіне себеп болған деп пайымдаймыз.

М.М. Хайдар Дулати еңбегінде Қасым хан нижранның 924 жылы, яғни 1518 ж. Дүние салғанын хабарлайды. Мәшһүр Жүсіптің ханның қайтыс болғаны нижра есебімен 930 ж. деп көрсетулері ортағасырлық парсы, түрік тарихшылары: әл Гаффари, Мунажим-баши, Хасан-бек, Румлу деректерімен ғана сәйкес келеді. Қасым ханның Сарайшықта жерленгені Қадырғали Қосымұлы «жылнамалар жинағында» (Қосымұлы, 1997:121) айтылады.

«Мес» жинағында Қ. Жәнібекұлының заң шығарған заңгер ретінде ел тарихында көзге түскенін айта отырып, ханның ел бірлігін сақтамақ болған заңгерлік қызметіне жоғары баға береді: «Әз Жәнібектің тоғыз ұлы болған. Мұның бел баласы Қасым хан тақты Сарайшықтан көшіріп, Ұлытауға орнаттырған. Қазақты қатарға бір қосып кеткен – осы Қасым хан. «Қасым ханның қасқа жолы» орысқа қарағанша, үзілмей, жоғалмай келген деседі Қазақта мұндай үзілмей, бірінен соң бірі болып тұратұғын хандық жоқ. Анда-санда қолдарына хандық тиіп, көтеріліп қалады да, ұзамай, тағы быт-шыт болады.» (Көпеев, 2006: 121, 124, 133). Қазақтың өз сыбағасына арналып, хан болғандар: «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы», «Күлтөбеде күнде кеңес» – аталған әз Тәуке. Олардан соң қырық сегіз жыл хан болып билеген – Абылай хан. Қазаққа заң-закон жасап, халық қатарына қосқандар – осы айтылған хандар. (Көпеев, 2007:386). Жолмұрат көшірмесінде ғана сақталған хандар тізімінде «Қасқа жолды Қасым хан» деп беріліп, Кенесары әкесі Қасым ханнан бөлек ажыратылып жазылған (Көпеев, 2006: 159-160).

Мәшһүр Жүсіп жазба мұрасының ерекшелігі – қазақ хандарының (Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, т.б.) өмірінің тарихи деректеріне негізделген егжей-тегжейлі бейнелеу. Шығыс шежірешілерінің үлгісі бойынша жазылған бұл үлгі М.Ж. Көпеев «Қазақ түбі», қазақтың жалпы тарихына арналған. Мұрағаттарда сипатталған қазақтардың шежіресі, М.Ж. Көпеев, XVIII-XIX ғасырлардағы Абылай хандары мен Кенесарының тарихымен байланыстырады. Бұл қолжазба дерек материалдың бай мазмұнымен ерекшеленеді.

Әділ сұлтан қайтыс болғаннан кейін Қасым хан билік етті. Қасым хан Жошы ханнан кейін Дешті Қыпшақты өз қолына алды. Ханның көп миллионыншы әскері оны асқақтатты. 924 (1518) жылы ол мәңгілікке орнықты. Бұл дата кейінірек тарихшылардың ғылыми еңбектерінде жиірек кездеседі. Қазақ ханының билігі Еділге дейін жетіп, Астрахань хандығымен шектесетіні, онда 1520-1521 жылдары қыста Рязань Занко Зудов тұтқынға алынғаны туралы мәліметтерді кездестіреміз, деп хабарлайды.

Сонымен қатар, М. Көпеевтің орта ғасырдағы шығыс шығармаларын түпнұсқада оқығанын ескерсек, Мәшһүр Жүсіп не парсы тарихшыларының еңбектерін пайдаланған, не әлі ешкімге беймәлім дереккөздерге сүйенген деген тұжырым жасауға болады. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп көрсеткен 1120 (1708-1709) Тәуке ханның тұлғасына қатысты тың деректер бар. Тәуке хан есімінің 1716 жылдан кейінгі орыс құжаттарында кездеспейтініне назар аудара отырып, ханның қайтыс болған күні 1715 ж. деп нақтылайды. 1735-1741 жылдары Орта жүзде Абылайдан басқа беделді сұлтанды кездестірмейміз.

Мәшһүр Жүсіп мына Қасым хан мен Жиренше шешен, Есім хан мен Тұрсын хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Қазыбек би, Тоқтамыс хан, Орыс хан, Бөкейхан, оның ұлы Жәңгір хан. Тола бидің (Төле би), Фолод ханның (Болат хан) Әбу Әл Мұхаммед ханның немесе Әбілмәмет ханның (18 ғасырда Орта жүз Әбілмәмбет ханы басқарған) Сәмеке ханның аттары өзгертілген. Орта жүз), Нұрали хан, Әбілқайыр хан (Кіші жүздің Әбілқайыр ханы ретінде белгілі).

Тарихи оқиғалардан М.Ж. Көпеев екі деректі материалға сүйенген. Көптомдықтағы қолжазбаның бірінші бетінде Қасым хан туралы мәліметтер парсы материалдарынан алынып, ханның 930 жылы қайтыс болған мерзімі көрсетілген. Одан кейінгі екі бетте Тәуке ханнан кейінгі тарихи кезеңнің суреттелетінін айғақтайтын орыс шығармаларының зерттеулері бойынша әрқайсысы жеке-жеке жазылған, басында Тәуке ханның Кіші жүзді билегені нақтыланады. Одан кейін 1722-1740 жылдардағы Орта жүздің жағдайы қарастырылады.

**Қорытынды.** Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде қазақ тарихын баяндаудың өз жолы қалыптасқанын бағамдаймыз. Адамзат тарихының (Адам Ата мен Хауа Ана) бастау көзінен бастайтын тарих жазбалары көптомдықтағы қолжазбаның ортасынан басталып, бір үлгідегі тарихи оқиғалар тізбегінің жалғасы басқа варианттарда жалғастырылып, қысқартылып, не толықтырылып беріліп отырылды. Бүкіл

қолжазбадағы материалды сүзіп шықпай, тарихи мәліметтердің бір жүйеде, көбінесе бір хронологиялық шеңбер аумағында қарастырмай, қолжазбаның бір үзіндісін (фрагментін) ғана аударған зерттеуші үшін «Мес» жинағындағы деректері шашыраңқы сипатта жазылған жеке-жеке шығармалар болып қала береді. Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында жинақталған бұл деректерде қазақ тарихы бір уақыт жүйесінде, бірнеше бағытта, әртүрлі сипатта баяндалған. Әрине, олардың араларында көлемі құлаш-құлаш әдеби шығармалар бар. Бұлар сол кезең туралы әдеби сипатта баяндалған мәлімет көзі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбалары тарихымыздың көпқырлылығын тануына жол ашады. Шежіре түрінде жазылған мәтіндер еліміздің қазіргі таңдағы жер атауы мәселесінде, көрші мемлекеттер арасындағы ортақ тарих мәселелерінде мол дәйек беруімен құнды. Нақты мәліметтермен еліміздің мемлекеттілігі тарихынан, тұлғалары тарихынан дәлелдер келтіре отырып қазіргі заман сұрақтарына тың жауаптар беретіні анық.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазіргі заман адамы деуге де болады, себебі сол XX ғасыр басында жазып кеткен ойлары әлі күнге дейін өзекті, маңызды. Заманында айтқан ой-пікірлерімен санаспау мүмкін емес, себебі XXI ғасырда отырсақ та, сол ғалым айтқан пікірлердің дұрыс екендігіне көз жеткіземіз.

### Әдебиеттер

- Библия. Москва : изд-во Моск. патриархии, 1990.  
 Брагинский Н. С. Из истории персидской и таджикской литератур. Москва : Наука, 1972.  
 Қосымұлы Қ. Жылнамалар жинағы. Алматы, 1997. Б. 121.  
 Көпеев М. Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. (Даярлаған Н. Жүсіпов.) // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994. № 4. Б. 112-113; ҚР БҒМ ӨҒКҚҚ, № 1177 папка. Б. 38(68).; Сонда. № 1176 папка. Б. 387(457;193).  
 Көпеев М. Ж. Тарихи әңгімелер. (Даярлаған Н. Жүсіпов.) // Жұлдыз. 1994. № 10-12. Б. 201-202.  
 Көпеев М. Ж. Шығармалары. Павлодар : ЭКО, 2005. Т. 6. 396 б.  
 Көпеев М. Ж. Шығармалары. Павлодар : ЭКО, 2006. Т. 8. 452 б.  
 Көпеев М. Ж. Шығармалары. Павлодар : ЭКО, 2007. Т. 10. 445 б.  
 Литература Востока в средние века. Часть 2. Москва : Изд-во МГУ, 1970. 461 с.  
 Мырзахметұлы М. Абай және шығыс. Алматы: Қазақстан, 1994. 208 б.  
 Ұлт тағылымы. № 2. 2000. Б. 79-80.

### References

- Bible [Bibliya]. Moscow : Publishing House of Moscow Patriarchate. 1990. [In Russian]  
 Braginskiy N. S. Iz istorii persidskoy i tadjikskoy literatur [From the history of Persian and Tajik literature]. Moscow : Nauka, 1972. [In Russian]  
 Kosymuly K. Zhylnamalar Zhinagy. [Collection of Annals]. – Almaty, 1997. P. 121. [In Kazakh]  
 Kopeyev M. Zh. Saryarkanany kimdiki ekendigi. (Dayarlagan N. Zhusipov) [Who does Saryarka belong to (Prepared by N. Zhusipov)] // Kazak tili men adebieti. 1994. No. 4. 112-113 pp.; MF CSL MES RK, Folder No. 1177. P. 38 (68).; inside that Folder No. 1176. P. 387 (457;193). [In Kazakh]  
 Kopeev M. Zh. Tarikhi angimeler. (Dayarlagan N. Zhusipov) [Historical stories. (Prepared by N. Zhusipov)]. // Zhuldyz. 1994. No. 10-12. 201-202 pp. [In Kazakh]  
 Kopeev M. Zh. Shygarmalary. [Works]. Pavlodar : ECO, 2005. Vol. 6. 396 p. [In Kazakh]  
 Kopeev M. Zh. Shygarmalary. [Works]. Pavlodar : ECO, 2006. Vol. 8. 452 p. [In Kazakh]  
 Kopeev M. Zh. Shygarmalary. [Works]. Pavlodar : ECO, 2007. Vol. 10. 445 p. [In Kazakh]  
 Literatura Vostoka v sredniye veka. Chast' 2 [Literature of the East in the Middle Ages. Part 2]. Moscow: Publishing House of Moscow State University, 1970. 461 p. [In Russian]  
 Myrzakhmetuly M. Abay zhane shygys [Abay and East]. Almaty: Kazakhstan, 1994. 208 p. [In Kazakh]  
 Ult tagylymy. [National traditions]. No 2. 2000. P. 79-80. [In Kazakh]

**МАЗМҰНЫ  
CONTENTS  
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

**Белтенев Ж. М.**  
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР  
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

**Асымова Д.Б.**  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ  
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
MEDIEVAL HISTORY  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

**Ошан Ж.**  
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН KEЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА  
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ  
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

**Aubakirova K.K., Taiman S.T.**  
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB  
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
NEW HISTORY  
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

**Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.**  
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

**Дүйсебаева А.И.**  
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ  
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
SOVIET PERIOD HISTORY  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

**Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.**  
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

**Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.**  
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ  
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

**Гривенная Л.А.**  
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:  
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА  
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

**Мусағалиева А.С.**  
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

**Исенов О.И., Купенов Б.К.**  
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОҢЫС АУДАРҒАН  
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

<b>Толентаева К.А.</b> ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
<b>Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
<b>Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
<b>Болтаева С.Ж.</b> ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
<b>Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы.</b> ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
<b>Борбасов С.М.</b> АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
<b>ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА</b>	
<b>Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д.</b> ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
<b>Найманбаев Б.Р.</b> ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
<b>ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ</b>	
<b>Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А.</b> САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
<b>Хабдулина М.К., Ғайса А.М.</b> НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
<b>Оразбаева А.И.</b> ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
<b>Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә.</b> ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
<b>Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж.</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР  
REVIEW  
РЕЦЕНЗИЯ**

**Аканов К.Г.**

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ  
ANNIVERSARY  
ЮБИЛЕЙ**

**АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ**

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ .....239